

Пилоттық жоба шеңберінде блоктық бюджетті енгізу, оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту және блоктық бюджетті пайдаланатын мемлекеттік органдар тізбесін айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қыркүйектегі № 761 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 2-1-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Пилоттық жоба шеңберінде блоктық бюджетті енгізу, оның жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес блоктық бюджетті пайдаланатын мемлекеттік органдардың тізбесі айқындалсын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 18 қыркүйектегі
№ 761 қаулысымен
бекітілген

Пилоттық жоба шеңберінде блоктық бюджетті енгізу, оның жұмыс істеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Пилоттық жоба шеңберінде блоктық бюджетті енгізу, оның жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 2-1-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және пилоттық жоба (бұдан әрі – пилоттық жоба) шеңберінде осы қаулыға қосымшада айқындалған тізбеге (бұдан әрі – тізбе) сәйкес блоктық бюджетті пайдаланатын мемлекеттік органдар үшін блоктық бюджетті енгізудің және оның жұмыс істеуінің бюджеттік рәсімдерінің тәртібін айқындайды.

2. Пилоттық жобаға қатысатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне қатысты "2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген 2024 жылға арналған республикалық бюджет көлемін атқару, 2025 – 2027 жылдарға арналған бюджетті қалыптастыру осы Қағидалардың ережелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) блоктық бюджет – әкімшіге шығыстар лимиттеріне сәйкес белгіленген блок шегінде нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін бюджет қаражатын өзі дербес бекітуге, қайта бөлуге және толық пайдалануға өкілеттік берілетін бюджет процесін басқару тәсілі;

2) шығыстарға бюджеттік шолу – бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарын ықтимал оңтайландыруды және шығыстарының оңтайлы лимитін айқындау мақсатында бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің соңғы 5 (бес) жылғы шығыстарының және жоспарлы кезең шығыстарының құрылымын талдау.

4. Блоктық бюджеттің бюджеттік рәсімдерінің бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

5. Жергілікті бюджеттер деңгейінде пилоттық жоба облыстық бюджет деңгейінде жүзеге асырылады.

Пилоттық жобаға кейіннен алмасу құқығынсыз қатысу үшін облыстық бюджеттің жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін тиісті облыс әкімі айқындайды.

2-тарау. Пилоттық жобаға қатысушылар

6. Пилоттық жобаға қатысушылар:

- 1) тізбеге сәйкес орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар;
- 2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган;
- 3) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган;
- 4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган;
- 5) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган;
- 6) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган;
- 7) аумақтық қазынашылық бөлімшелері.

3-тарау. Блоктық бюджеттің ерекшеліктері

7. Пилоттық жобаға қатысатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне қатысты үш жылда бір рет жоспарлы кезеңге арналған шығыстар лимиттері соңғы үш есепті қаржы жылында шығыстар (төмен тұрған бюджеттерге берілетін шығыстарды (нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер) ескермегенде) және тегістелген ЖІӨ (тегістелген ЖӨӨ) деңгейіне жыл сайынғы индекстеу ескеріліп, ағымдағы қаржы жылы және жоспарлы бір жылы бекітілген (нақтыланған) бюджетте көзделген шығыстар ескеріліп айқындалған тиісті бюджет шығыстарының орташа жылдық көлемінің пайызы жылдар бойынша бөлініп белгіленеді.

Елдің тегістелген жалпы ішкі өнімі (бұдан әрі – тегістелген ЖІӨ) – соңғы 3 (үш) есепті қаржы жылындағы, сондай-ақ ағымдағы жылғы және жоспарланатын жылғы орташа мән.

Тегістелген өңірлік жалпы өңірлік өнім (бұдан әрі – тегістелген ЖӨӨ) – соңғы 3 (үш) есепті қаржы жылындағы, сондай-ақ ағымдағы жыл мен жоспарланатын жылғы орташа мән.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері мына формула бойынша есептеледі:

$$1) \text{ТЖІӨ} = (\text{ЖІӨ}_1 + \dots + \text{ЖІӨ}_5) / 5$$

$$2) \text{ОМ} \sum_{\text{жж}} = (\sum 1 + \dots + \sum 4) / 4$$

$$3) \text{ШҮ} \% = (\text{ОМ} \sum_{\text{жж}} * 100\%) / \text{ТЖІӨ}$$

$$4) \text{ББӨ-нің лимиті} = \text{ЖІӨ}_{\text{жк}} * \text{ШҮ} \%$$

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТЖІӨ – тегістелген ЖІӨ;

ЖІӨ 1, 2, 3 – үш есепті жылдағы ЖІӨ;

ЖІӨ 4 – ағымдағы қаржы жылындағы ЖІӨ;

ЖІӨ 5 – бір жоспарлы жылғы ЖІӨ;

ОМ $\sum_{\text{жж}}$ – бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстар көлемінің орташа мәні;

$\sum 1, 2 \dots$ – төмен тұрған бюджеттерге берілетін шығыстарды ескермегенде үш есепті қаржы жылындағы және ағымдағы қаржы жылындағы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстарының көлемі;

ШҮ % – бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстар лимитінің үлесі;

ББӨ лимиті – бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің лимиті;

ЖІӨ жк – жоспарлы кезеңдегі ЖІӨ.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі шығыстарының лимиттерін есептеген кезде:

республикалық бюджет деңгейінде – ЖІӨ және тегістелген ЖӨӨ;

жергілікті бюджет деңгейінде – ЖӨӨ және тегістелген ЖӨӨ қолданылады.

Мемлекеттік орган шығысының өсу қарқыны Бюджет кодексінің 12-бабы 6-тармағына сәйкес инфляция бойынша мақсатқа ұлғайтылған, ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейімен шектелетін республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқынынан (жоспарлы кезеңге) аспауға тиіс.

Жергілікті бюджет деңгейі үшін жергілікті бюджет шығыстарының өсу қарқыны бойынша (жоспарлы кезеңге) осындай тәсіл қолданылады.

Шығыстар лимиті айқындалғанға дейін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен бірге шығыстарға бюджеттік шолу жүргізеді.

Пилоттық жобаға қатысатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері номиналды мәнде жеткізіледі.

8. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ұсынысы бойынша шығыстар лимиті шеңберінде үш жылдық кезеңге арналған шығыстардың жалпы көлемінің 10 (он) пайызына дейін аванс беруге және шығыстар көлемін ауыстыруға жол беріледі.

Аванс беру екінші (кейінгі) қаржы жылындағы шығыстар көлемін бірдей сомаға азайту есебінен бірінші (ағымдағы) қаржы жылы жоспарланатын шығыстар көлемін ұлғайту арқылы жүзеге асырылады.

Ауыстыру екінші (кейінгі) қаржы жылындағы шығыстар көлемін бірдей сомаға ұлғайту есебінен бірінші (ағымдағы) қаржы жылы жоспарланатын шығыстар көлемін азайту арқылы жүзеге асырылады.

Аванс беру және шығыстар көлемін ауыстыру бюджетті қалыптастыру және (немесе) нақтылау шеңберінде жүзеге асырылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шығыстар лимиті шеңберінде үш жылдық кезеңдегі шығыстар көлемінің теңгерімділігі жөніндегі талапты сақтайды.

9. Қаржы жылы ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысының шешімі бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ведомстволық бюджет комиссиясының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, бюджеттік бағдарламалар арасында қаражатты өздері дербес қайта бөледі.

Есепті қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есепті қаржы жылы көзделген бюджет қаражатының 5 (бес) пайызынан аспайтын мөлшерде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) бюджет қаражаты келесі қаржы жылы толық пайдаланылады.

Есепті қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есепті қаржы жылы көзделген бюджет қаражатының 5 (бес) пайызынан асатын мөлшерде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) бюджет қаражатын кезекті қаржы жылы толық пайдалануға жол берілмейді және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 103-бабының 3-тармағына сәйкес жойылады.

Іске асыру мерзімі бір жылдан асатын бюджеттік даму бағдарламалары бойынша өткен қаржы жылының тіркелген міндеттемелері бөлігінің төленбеуіне және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 359-бабының 2-тармағында көзделген еңсерілмейтін күш мән-жайларының, яғни төтенше және осы жағдайларда тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, ұрыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) туындауына байланысты қаражат түзілген жағдайларда осы тармақтың үшінші бөлігінің талаптары қолданылмайды.

4-тарау. Мемлекеттік жоспарлау тәртібі

10. Бюджет шығыстарын жоспарлау үшін пилоттық жобаға қатысатын республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен жергілікті атқарушы органдар ағымдағы қаржы жылының 15 маусымына дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ведомстволық бюджет комиссиясы, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджет

комиссиялары мақұлдаған мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының жобаларын немесе мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларына өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, бюджеттік бағдарламалар жобаларын ұсынады.

11. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының нысаналы индикаторлары тиісті аумақтың дамуын Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарына сәйкес оның ерекшелігі мен өңірдің даму әлеуетін ескере отырып айқындайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған жергілікті атқарушы органның функцияларын, өкілеттіктері мен құзыреттерін іске асыруға бағытталған.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының жобаларын немесе мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларына өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, бюджеттік бағдарламалар жобаларын қарау нәтижелері бойынша Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қорытынды қалыптастырады және ағымдағы қаржы жылының 15 шілдесінен кешіктірмей лимит қалыптастыру үшін:

Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджет комиссиялары қарауына енгізу үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жібереді.

12. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысының 59 және 76-тармақтарына сәйкес мемлекеттік органның, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады.

13. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалары бекітілген шығыстар лимиттері негізінде және соның шегінде әзірленеді, оларға бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қол қояды және мыналарды қамтиды:

- 1) бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі), ағымдағы мәртебесі;
- 2) бюджеттік бағдарламаның мақсаты;
- 3) бюджеттік бағдарлама іске асырылуына бағытталған мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы индикаторлары;

4) бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) тікелей және түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштері, шығыстар көлемі көрсетілген іс-шаралар.

Бюджеттік бағдарлама бюджет қаражаты шығыстарының бағыттарын нақтылайтын кіші бағдарламаларға бөлінуі мүмкін.

Жаңа бастамаларға арналған шығыстар бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) республикалық немесе жергілікті бюджет комиссиясының оң ұсынысы негізінде енгізіледі.

14. Мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсатына, бірыңғай түпкілікті нәтижеге қол жеткізу үшін мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету, күрделі шығыстарды жүзеге асыру, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру, трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру жөніндегі шығындар бір бюджеттік бағдарламаға біріктіріледі, бұл ретте бюджет құрылымы сақталады және көрсетілген шығындар жекелеген кіші бағдарламаларға бөлінеді.

Бюджет құрылымының бөлімі шегінде мемлекеттік органның бекітілген даму жоспарының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсатына қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарлама болған кезде осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған жаңа бюджеттік бағдарламаны енгізуге жол берілмейді.

Бюджеттік бағдарламаларды әзірлеген кезде мынадай талаптар сақталуға тиіс:

1) бюджеттік бағдарлама мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспары немесе даму жоспары жобасының тиісті мақсаттары мен нысаналы индикаторларына қол жеткізуге немесе функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді іске асыруға бағдарланады;

2) шығыстар көлемі бекітілген даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына немесе мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасына, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларына қол жеткізу немесе функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді іске асыру қажеттілігі ескеріле отырып көзделеді;

3) түпкілікті нәтижелер мен олардың көрсеткіштерінің тұжырымдары облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының мақсаттарына және (немесе) нысаналы индикаторларына, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларына қол жеткізу немесе функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді іске асыру дәрежесін сипаттайды;

4) түпкілікті нәтижелер мен олардың көрсеткіштері шығыстардың жоспарланатын көлемін пайдалана отырып, мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы

бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы индикаторларына, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларына қол жеткізу дәрежесін айқындайды;

5) жоспарланатын шығыстар мен индикаторлар көлемінің және мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларына сүйене отырып, нақты түпкілікті нәтижелер сақталады;

6) тікелей нәтижелер мен іс-шаралар жоспарланған шығыстардың бүкіл көлемін қамтиды;

7) есеп-қисаптардың шынайлығы сақталады.

15. Нысаналы индикаторлар мен түпкілікті нәтижелердің сәйкес келмеу себептері бюджеттік бағдарламаның сипаттамасында баяндалады.

Орталық мемлекеттік органның және жергілікті атқарушы органның бірінші басшылары мемлекеттік органның, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын әзірлейді, мынадай талаптарды сақтайды:

мемлекеттік органның даму жоспарының не тиісінше, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары мазмұнының анық және толық болуы;

республикалық бюджетте көзделген қаражат шеңберінде не тиісінше, жергілікті бюджетте көзделген қаражат шеңберінде жоспарланған мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жеткізу;

мемлекеттік органның даму жоспарын, не тиісінше облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру туралы есептің анық және толық болуы.

5-тарау. Бюджеттік жоспарлау тәртібі

16. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстар лимиттерін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік органдардың даму жоспарларына берген қорытындысын ескере отырып айқындайды.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстар лимиттерін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларына берген қорытындысы мен бюджеттік бағдарламаларды ескере отырып айқындайды.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жоспарланатын кезеңнің алдындағы ағымдағы қаржы жылының 5 тамызына дейін бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары ескеріле отырып айқындалған

республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстар лимиттерін жібереді.

17. Пилоттық жобаға қатысатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің лимиттері үш (3) жылға жеткізіледі және қысқартылмайды және (немесе) ұлғайтылмайды.

18. Бюджеттік өтінім бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының жеткізілген лимиттері негізінде және соның шегінде жасалады.

19. Бюджеттік өтінім бюджеттік бағдарламалар әкімшісі шығыстар көлемін негіздеу үшін жасайтын құжаттар жиынтығын білдіреді.

20. Пилоттық жобаға қатысатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік өтінімді Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10007 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 511 бұйрық) сәйкес нысандар бойынша жасайды.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджеттік өтінімнің негізділігін, бюджеттік өтінімге есеп-қисаптардың анықтығын, бюджеттік өтінімнің толық және уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

21. Шоғырландырылған болжамды қаржылық есептілік Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрі бекіткен "Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 27 мамырдағы № 492 бұйрықтың (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18750 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жасалады.

22. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ағымдағы қаржы жылының 10 тамызына дейінгі мерзімде:

1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік бағдарламаларда көзделген түпкілікті нәтижелерді таңдаудың дұрыстығы, түпкілікті нәтижелердің мемлекеттік органның даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы индикаторларымен өзара байланысының болуы тұрғысынан қарау нәтижесі бойынша қорытынды қалыптастыру үшін бюджеттік бағдарламаларды (мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларына берген қорытындысы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберіледі);

2) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ақпараттық жүйе арқылы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік өтінімдерді енгізеді.

23. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ағымдағы қаржы жылының 15 тамызына дейінгі мерзімде № 511 бұйрықтың 73-тармағының талаптарын ескере

отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік өтінімдер енгізеді.

24. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджет жобасына өзгерістер енгізбей қосып, бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік өтінімдерге қорытындылар дайындайды.

25. Осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес үш жылдық кезеңге арналған шығыстардың жалпы көлемінің 10 (он) пайызына дейінгі шығыстар көлемі аванспен берілген және ауыстырылған жағдайда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік өтінім жібереді.

6-тарау. Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау тәртібі

26. Бюджеттік инвестициялар мен бюджеттік кредиттеу бойынша қажетті құжаттама әзірлеу Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі бекіткен "Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9938 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

27. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қажетті құжаттама әзірлеу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы бекіткен "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

28. Мемлекеттік кепілдікпен алынған мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын жобалар бойынша қажетті құжаттама әзірлеу Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушы бекіткен "Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2010 жылғы 6 тамыздағы № 136 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6402 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

29. Мемлекеттік инвестициялық жобаның бекітілген параметрлерін (техникалық-технологиялық шешімдерді, қаржылық параметрлерді, нәтижелер

көрсеткіштерін, қосымша шығыстарды) өзгерту қажет болған жағдайда бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) жоспарланатын өзгерістердің негізділігін растап, салалық сараптама жүргізе отырып, құжаттаманы (қаржы-экономикалық негіздемені, техникалық-экономикалық негіздемені) түзетеді;

2) түзету мәселелерін ведомстволық бюджет комиссиясына және (немесе) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясына шығарады;

3) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің тиісті бұйрығымен түзетілген құжаттаманы бекітеді.

30. Жобалау-сметалық құжаттаманы түзету "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 505 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21342 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

31. Мемлекеттік инвестициялық жобаның құны ұлғайтылған жағдайда қаржыландыру бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының жеткізілген лимиттері шегінде жүзеге асырылады.

32. Мемлекеттік инвестициялық жобаларды іріктеуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік органның даму жоспарының және (немесе) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының стратегиялық мақсаттарына, нысаналы индикаторларына сәйкес жүзеге асырады, кейін тиісті ведомстволық бюджет комиссиясының және (немесе) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясы отырысына шығарады.

7-тарау. Бюджетті атқару тәртібі

33. Бюджетті атқару үшін қаржыландыру жоспарларының мынадай түрлері:

1) мемлекеттік мекеме – міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарын және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарын;

2) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі – міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарын және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын әзірлейді.

34. Қаржы жылы ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бірінші басшының шешімі бойынша ведомстволық бюджет комиссиясының және (немесе) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, бюджеттік бағдарламалар арасында қаражатты өздері дербес қайта бөледі.

35. Пилоттық жобаға қатысатын төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен келісу бойынша жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражатты бюджеттік бағдарламалар арасында қайта бөледі.

36. Жоғары тұрған бюджеттен/төмен тұрған бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер мен кредиттер есебінен қаражатты бюджеттік бағдарламалар арасында қайта бөлу жоғары тұрған бюджеттің/төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісімен келісу бойынша айына 1 (бір) реттен артық жүргізілмейді.

37. Осы Қағидалардың 35, 36-тармақтарында көрсетілген қаражатты қайта бөлуді келісу үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жоғары тұрған/төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшілеріне қаржыландыру жоспарларына міндеттемелер мен төлемдер бойынша өзгерістер енгізуге арналған анықтама мен түсіндірме жазбаның жобасын жібереді, ол анықтама жобасы қабылданған күннен кейінгі күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Жоғары тұрған/төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісі енгізілетін өзгерістерді дұрыстығы мен негізділігі тұрғысынан қарайды және нәтижесі бойынша келіседі не қайтару себептерін көрсетіп, қайтарады.

38. Қаражатты салалық бюджеттік бағдарламалардан бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қызметін қамтамасыз етуге арналған бюджеттік бағдарламаға қайта бөлуге жол берілмейді.

39. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне қажетті бір бюджеттік бағдарлама ішінде және (немесе) бюджеттік бағдарламалар арасында ай сайынғы және жылдық шығыстар көлемін өзгерту бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады.

40. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органнан алынған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтама негізінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізеді, қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтамаларды бекітеді және оларды "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесі арқылы аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жібереді.

Бұл ретте бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларына, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуге анықтамалар қалыптастыруға және оларды аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ағымдағы айдың 25-і күнінен кейін жіберуге жол берілмейді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі анықтамалар қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды бюджет заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексереді және нәтижесі бойынша қазынашылықтың интеграцияланған

ақпараттық жүйесіне енгізеді (жүктейді) және (немесе) қабылдамау себебін көрсетіп, пысықтауға кері қайтарады.

Бюджет қаражатын қайта бөлу қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджетті атқару және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті уәкілетті органдарды бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларына және (немесе) мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына енгізілген өзгерістер туралы анықтамаларды жіберу арқылы хабардар етеді.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген электрондық құжаттар "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электрондық құжат айналымы арқылы жіберіледі.

41. Пилоттық жобаға қатысатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт (бұдан әрі – нысаналы трансферт) бөлінген жағдайда осы нысаналы трансферт Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес хаттамасында бір сомамен көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес хаттамасына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы нысаналы трансфертті қайта бөлуге жол беріледі.

Нысаналы трансфертті ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) жіберуге және қайта бөлуге тыйым салынады.

42. Есепті қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есепті қаржы жылы көзделген бюджет қаражатының 5 (бес) пайызынан аспайтын мөлшерде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) бюджет қаражаты бюджет қаражатының игерілмеуі болып табылмайды.

Осы Қағидаларда квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджеттік бағдарламаның нысаналы индикаторларын іске асыруға бағытталған қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан бюджет қаражатын игеруін де бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша бюджет қаражатын игеру деп түсіну керек.

Есепті қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері есепті қаржы жылында көзделген бюджет қаражатының 5 (бес) пайызынан аспайтын мөлшерде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) бюджет қаражатын ағымдағы қаржы жылындағы шығыстарды қаржыландыруға пайдалана алады.

43. Іске асыру мерзімі бір жылдан асатын бюджеттік даму бағдарламалары бойынша өткен қаржы жылының тіркелген міндеттемелері бөлігінің төленбеуі және (немесе) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 359-бабының 2-тармағына сәйкес еңсерілмейтін күш мән-жайларының, яғни төтенше және осы жағдайларда

тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, ұрыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) туындауы салдарынан бюджеттік бағдарламалардың орындалмауы болжанған жағдайда бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі осы Қағидалардың 55-тармағына сәйкес бюджеттік мониторинг қорытындылары бойынша бюджет қаражатын толық пайдалану үшін келесі қаржы жылына көшіруді жүзеге асыру қажет болатын бюджеттік бағдарламалардың тізбесін жасайды және оны ведомствоаралық бюджет комиссиясының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

44. Міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына, міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу осы Қағидалардың 40-тармағының екінші бөлігінде жазылған ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрыққа (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 540 Ереже) сәйкес жүзеге асырылады.

45. Мемлекеттік мекемелер ағымдағы қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларында бекітілген сомалар шегінде шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша міндеттемелер қабылдайды.

Мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген азаматтық-құқықтық мәмілелері азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, қазынашылықтың аумақтық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

Пилоттық жобаға қатысатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің азаматтық-құқықтық мәмілелерін бір қаржы жылынан асатын қолданылу мерзіміне жасауға жол беріледі. Бұл ретте жасалатын азаматтық-құқықтық мәміленің рұқсат етілген ең ұзақ мерзімі 3 (үш) қаржы жылынан аспауға тиіс.

46. Шарт нысанында азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасу кезінде аванстық (алдын ала) ақы төлеу мөлшерін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өзі дербес белгілейді.

Шарттарда бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қабылданған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) әрбір сомасынан бұрын төленген аванстық барабар ұстап қалуы туралы шарт болуға тиіс.

Бұл ретте есепті жылдан кейінгі қаржы жылындағы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің дебиторлық берешегі болмауға тиіс.

47. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерді қабылдау тәртібі № 540 Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

48. Мемлекеттік мекемелердің төлемдері мен ақша аударымдары төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарының жоспарлы мақсаттарына және шартты тіркеу туралы хабарламаның пайдаланылмаған қалдығына сәйкес жүргізіледі.

49. Төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібі № 540 Ережеге сәйкес жүргізіледі.

8-тарау. Есептілікті ұсыну тәртібі

50. Бюджеттік есептілік мынадай сапалық сипаттамаларға сәйкес келуге тиіс:

1) жасалған операциялардың рас екенін және оларды есепте көрсету кезінде қателердің болмауын білдіретін дұрыстығы;

2) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген барлық талап етілетін ақпараттың көрсетілгенін білдіретін толықтығы;

3) есептілікті жасау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуын білдіретін сәйкестігі.

51. Қаржылық есептіліктің көлемі, нысандары, мерзімділігі, мерзімдері, жасау және ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен "Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрықпен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15594 болып тіркелген) белгіленеді.

52. Бюджеттік есептіліктің көлемі, нысандары, мерзімділігі, мерзімдері, жасау және ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен "Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бұйрықпен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14613 болып тіркелген) белгіленеді.

53. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің көлемі, нысандары, мерзімділігі, мерзімдері, жасау және ұсыну тәртібі "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14624 болып тіркелген) белгіленеді.

54. Берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептіліктің көлемі, нысандары, мерзімділігі, мерзімдері, жасау және ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі бекіткен "Берешектің жай-күйі

туралы қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 31 наурыздағы № 344 бұйрықпен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27339 болып тіркелген) белгіленеді.

55. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың алғашқы 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей және есепті жыл үшін – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей, ал республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың алғашқы 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей және есепті жыл үшін – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті органға бюджеттік бағдарламаларды іске асыру мониторингі нәтижелері туралы есеп береді.

9-тарау. Бюджеттік мониторинг жүргізу тәртібі

56. Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің басшысы бюджеттік мониторинг жүргізуді, оның нәтижелерін талдауды және бюджеттік бағдарламаларда көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

57. Бюджеттік мониторинг Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен " Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы" 2016 жылғы 30 қарашадағы № 629 бұйрыққа (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14623 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

58. Пилоттық жобаға қатысушылар, оның ішінде жергілікті атқарушы органдар жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-і күніне дейінгі мерзімде блоктық бюджетті енгізудің барысы мен оның жұмыс істеуі туралы талдамалық ақпаратты тиісті орталық мемлекеттік органдарға еркін нысанда жібереді, олар оны одан әрі Үкіметке ұсынады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 18 қыркүйектегі
№ 761 қаулысына
қосымша

Блоктық бюджетті пайдаланатын мемлекеттік органдардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі.
2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі.
3. Батыс Қазақстан облысы.
4. Қарағанды облысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК